## Тұрғындар назарына!

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2026 жылдың 19 мамырынан бастап **«Шығыс–Жезқазған кенішінің Аненнск шахтасының (инв. ОС-11-000117700) №14 асханасының күрделі жөндеуі» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі** бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, өндірістік аумақ.

**УЧАСКЕНІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КООРДИНАТТАРЫ:**

| Бұрыш нүктелері | Бұрыш нүктелерінің координаттары | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Солтүстік ендік | | | Шығыс бойлық | | |
| | Гр | Мин | Сек | Гр | Мин | Сек |
| Н1 | 47 | 53 | 1,28 | 67 | 29 | 35,62 |
| Н2 | 47 | 53 | 1,02 | 67 | 29 | 36,35 |
| Н3 | 47 | 53 | 1,95 | 67 | 29 | 36,98 |
| Н4 | 47 | 53 | 2,22 | 67 | 29 | 36,29 |

Қоғамдық тыңдаулардың бастамашысы: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС GR менеджері Бесбаева М.М, байланыс телефоны: **8 (7172) 55 76 65** (ішкі нөмір10894), эл.мекен-жайы: **Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.**_

Жоба әзірлеушісі: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 050140000656. Өкілі: Баянова Н.Ф., байланыс телефоны: **8 (7102) 74 17 94**, эл.мекен-жайы: **Natalya.Bayanova@kazakhmys.kz**.

Жоба материалдары **https://ndbecology.gov.kz** сайтында орналастырылған және **https://ndbecology.gov.kz** сілтеме арқылы олар жарияланған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар үшін қолжетімді болады.

Жергілікті атқарушы орган: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер көшесі 15, «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, байланыс телефоны **8(7102)-60-02-94**, электронный адрес: **ulytau.obl_priroda@mail.ru**.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін **Natalya.Bayanova@kazakhmys.kz** эл.мекен-жайы бойынша және **8 (7102) 74 17 94** телефон нөмірі арқылы сұратуға болады.

## Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация «Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений раздела **«Охрана окружающей среды» рабочего проекта к РП «Капитальный ремонт столовой № 14 шахты «Анненская» (инв. ОС-11-000117700) Восточно-Жезказганского рудника»** с 19 мая 2026 года.

Территория воздействия: области Ұлытау, город Сатпаев, промзона.

**ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ КООРДИНАТЫ УЧАСТКА:**

| Номер точек на плане | Северной широты | | | Восточной долготы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | град | мин | сек | град | мин | сек |
| Т1 | 47 | 53 | 1,28 | 67 | 29 | 35,62 |
| Т2 | 47 | 53 | 1,02 | 67 | 29 | 36,35 |
| Т3 | 47 | 53 | 1,95 | 67 | 29 | 36,98 |
| Т4 | 47 | 53 | 2,22 | 67 | 29 | 36,29 |

Инициатор: ТОО «Корпорация «Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Бесбаева М.М., менеджер GR ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. **8 (7172) 55 76 65** (вн.10894), эл.адрес: **Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.**_

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация «Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Баянова Н.Ф., контакты: тел. **8 (7102) 74 17 94**, эл.адрес: **Natalya.Bayanova@kazakhmys.kz**.

Материалы проекта размещены на сайте **https://ndbecology.gov.kz** и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке **https://ndbecology.gov.kz**.

Местный исполнительный орган: область Ұлытау, г. Жезказган, ул. Гарышкерлер, 15, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау», **8 (7102)-60-02-94**, электронный адрес: **ulytau.obl_priroda@mail.ru**.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно запросить по эл.адресу: **Natalya.Bayanova@kazakhmys.kz**. и по номеру телефона **8 (7102) 74 17 94**.

## Тұрғындар назарына!

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2026 жылдың 19 мамырынан бастап **«№ 1, 2 ЖБФ КД-1 № 5 галереясын күрделі жөндеу» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі** бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, өндірістік аумақ.

**УЧАСКЕНІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КООРДИНАТТАРЫ:**

| Бұрыш нүктелері | Бұрыш нүктелерінің координаттары | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Солтүстік ендік | | | Шығыс бойлық | | |
| | Гр | Мин | Сек | Гр | Мин | Сек |
| Н1 | 47 | 47 | 24,43 | 67 | 44 | 17,55 |
| Н2 | 47 | 47 | 24,32 | 67 | 44 | 17,68 |
| Н3 | 47 | 47 | 23,92 | 67 | 44 | 16,90 |
| Н4 | 47 | 47 | 24,06 | 67 | 44 | 16,77 |

Қоғамдық тыңдаулардың бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656.

Өкілі: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС GR менеджері Бесбаева М.М, байланыс телефоны: **8 (7172) 55 76 65** (ішкі нөмір10894), эл.мекен-жайы: **Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.**_

Жоба әзірлеушісі: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 050140000656. Өкілі: Баянова Н.Ф., байланыс телефоны: **8 (7102) 74 17 94**, эл.мекен-жайы: **Natalya.Bayanova@kazakhmys.kz**.

Жоба материалдары **https://ndbecology.gov.kz** сайтында орналастырылған және **https://ndbecology.gov.kz** сілтеме арқылы олар жарияланған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар үшін қолжетімді болады.

Жергілікті атқарушы орган: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер көшесі 15, «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, байланыс телефоны **8(7102)-60-02-94**, электронный адрес: **ulytau.obl_priroda@mail.ru**.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін **Natalya.Bayanova@kazakhmys.kz** эл.мекен-жайы бойынша және **8 (7102) 74 17 94** телефон нөмірі арқылы сұратуға болады.

## Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация «Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений раздела **«Охрана окружающей среды» рабочего проекта к РП «Капитальный ремонт галереи № 5 КД-1 ЖОФ № 1, 2»** с 19 мая 2026 года.

Территория воздействия: области Ұлытау, город Жезказган, промзона.

**ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ КООРДИНАТЫ УЧАСТКА:**

| Номер точек на плане | Северной широты | | | Восточной долготы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | град | мин | сек | град | мин | сек |
| Т1 | 47 | 47 | 24,43 | 67 | 44 | 17,55 |
| Т2 | 47 | 47 | 24,32 | 67 | 44 | 17,68 |
| Т3 | 47 | 47 | 23,92 | 67 | 44 | 16,90 |
| Т4 | 47 | 47 | 24,06 | 67 | 44 | 16,77 |

Инициатор: ТОО «Корпорация «Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Бесбаева М.М., менеджер GR ТОО «Корпорация «Казахмыс», контакты: тел. **8 (7172) 55 76 65** (вн.10894), эл.адрес: **Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.**_

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Баянова Н.Ф., контакты: тел. **8 (7102) 74 17 94,** эл.адрес: **Natalya.Bayanova@kazakhmys.kz**.

Материалы проекта размещены на сайте **https://ndbecology.gov.kz** и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке **https://ndbecology.gov.kz**.

Местный исполнительный орган: область Ұлытау, г. Жезказган, ул. Гарышкерлер, 15, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау», **8 (7102)-60-02-94**, электронный адрес: **ulytau.obl_priroda@mail.ru**.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно запросить по эл.адресу: **Natalya.Bayanova@kazakhmys.kz**. и по номеру телефона **8 (7102) 74 17 94**.

## Тұрғындар назарына!

«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС келесі жобалар үшін ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды: **«Q.I. Satbaev atyndagy Jezqazgan Tau-Ken ondirisi» «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС филиалы Шығыс – Жезқазған кенішінің (оның ішінде 73/75, 57, 55, Анненская шахталары) 2027 жылға арналған шығарылатын ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (РЕШН)», «2027 жылға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ)», «2027 жылға арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары», «2027 жылға арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары»**.

Әсер ету аумағы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, өнеркәсіптік аймақ.

Қоғамдық тыңдау **2026 жылдың 11 маусым күні сағат 11:00-де** Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, «Сәтбаев қаласы әкімінің аппараты» ММ ғимараты, академик Қаныш Сәтбаев даңғылы, 108 мекен-жайы бойынша өткізілетінін хабарлайды.

Онлайн видеоконференц-байланысқа сілтеме: **https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m412c1be82f4937b4cd4b5fad3a9d67fb**

**Жиналыс нөмірі (кіру коды):** 2513 896 7120

**Жиналыс құпия сөзі:** 123456xX

**УЧАСКЕНІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КООРДИНАТТАРЫ:**

| № | Солтүстік ендік | Шығыс бойлық |
|---|---|---|
| 1 | 47°53'02,5" | 67°29'31,1" |

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: Бесбаева М.М., «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС GR менеджері, **тел.8 (7172) 55 76 65** (ішкі нөмер 10894), эл.мекен-жайы: **Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz**

Әзірлеуші: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 050140000656. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: **8 (7172) 55 76 72** (ішкі нөм.10557), эл.мекен-жайы: **Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz**.

Жоба материалдары келесі сайттарда орналастырылған: **https://ndbecology.gov.kz** және **https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr.**

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей **https://ndbecology.gov.kz** сілтемесі бойынша, эл. мекен-жайы **ulytau.obl_priroda@mail.ru** және Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер көшесі 15, «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ пошталық мекенжайы бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін **Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz** эл.мекен-жайы бойынша және тел. нөм.: **8 (7172) 55 76 72** (ішкі нөм.10557) арқылы сұратуға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлік ұсынылған кезде жүргізіледі.

## Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате открытого собрания по следующим проектам: **«Проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу (НДВ)», «Программа управления отходами для объектов I категории на 2027 год», «Программа производственного экологического контроля на 2027 год», «План мероприятий по охране окружающей среды на 2027 год» Восточно-Жезказганского рудника (в т. ч. шахты 73/75, 57, 55, Анненская) филиала ТОО «Корпорация Казахмыс» - «Q.I. Satbaev atyndagy Jezqazgan Tau-ken ondirisi»**

Территория воздействия: область Ұлытау, город Сатпаев, промзона.

Общественные слушания будут проведены в **11:00 часов 11 июня 2026 года по адресу**: область Ұлытау, город Сәтпаев, здание ГУ «Аппарат акима г.Сәтпаев», проспект академика Қаныша Сәтпаева, 108.

Ссылка на онлайн видеоконференц-связь: **https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m412c1be82f4937b4cd4b5fad3a9d67fb**

**Номер совещания:** 2513 896 7120

**Пароль:** 123456xX

**ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ КООРДИНАТЫ УЧАСТКА:**

| № | Северная широта | Восточная долгота |
|---|---|---|
| 1 | 47°53'02,5" | 67°29'31,1" |

Инициатор: ТОО «Корпорация «Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Бесбаева М.М., менеджер GR ТОО «Корпорация «Казахмыс», контакты: тел. **8 (7172) 55 76 65** (вн.10894), эл.адрес:_Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация «Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. **8 (7172) 55 76** 72 (вн.10557), эл.адрес: **Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz**.

Материалы проекта размещены на сайте: **https://ndbecology.gov.kz и https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr**.

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке **https://ndbecology.gov.kz**, на эл.адрес: и почтовый адрес: **ulytau.obl_priroda@mail.ru** область Ұлытау, г.Жезказган, ул.Гарышкерлер15, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау» в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл.адресу **Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz** и по номеру телефона **8 (7172)55 76 72 (вн.10557)**.

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

# Қазақстан мен Моңғолия зейнетақы саласында ынтымақтастық орнатуда

**2026 жылғы 1 сәуірден бастап Қазақстан мен Моңғолия үкіметтері арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім** *(бұдан әрі – Келісім)* **күшіне енді. Келісім екі ел азаматтарының зейнетақы құқықтарын қорғауға бағытталған.**

Келісім Қазақстан немесе Моңғолия аумағында тұрақты тұратын және осы елдердің бірінің аумағында еңбек өтілі бар азаматтарға қолданылады. Аталған еңбек өтілі тұратын мемлекетінің заңнамасына сәйкес зейнетақы тағайындау кезінде ескерілетін болады.

**Келісім аясында келесі төлем түрлері тағайындалады:**

Қазақстанда – республикалық бюджет есебінен жасына байланысты зейнетақы төлемдері, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) төленетін зейнетақы төлемдері (жинақтаушы зейнетақы);

Моңғолияда – сақтандыру зейнетақы қорынан жасына байланысты зейнетақылар. Зиянды және ауыр еңбек жағдайларында жұмыс істеген адамдарға тағайындалатын мерзімінен бұрын төленетін зейнетақылар бұл Келісімге кірмейді (бұл жағдайда төлемдер Моңғолияның әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес сақтандыру зейнетақы қорынан жүзеге асырылады).

**Келісімді іске асыруға уәкілетті органдар:**

– Қазақстанда – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

– Моңғолияда – Моңғолияның Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі.

**Қазақстан тарапынан Келісімді іске асыратын құзыретті органдар:**

БЖЗҚ – жинақтаушы зейнетақы мәселелерімен айналысады. Оның функцияларына БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар Моңғолия азаматтарынан немесе олардың өкілдерінен өтініштер мен құжаттарды қабылдау, мәліметтер мен құжаттарды өңдеу, жинақтаушы зейнетақыны тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдау, сондай-ақ төлемдерді жүзеге асыру кіреді.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз қызметі,**

---

После смерти **ЖАКУБАЕВА ТОЛЛЕША ШАРИПОВИЧА** умершего 30.03.2026 года, открылось наследственное дело у нотариуса **Абилевой Алевтины Испатыровны**.

Всем заинтересованным лицам явиться в нотариальную контору по адресу:

**город Сатпаев, проспект академика Каныша Сатпаева, дом 115, квартира 19, телефон: 8 (710-63) 3-46-77.**

МЕНШІК ИЕСІ: «Мысты өңір» газеті редакциясы» ЖШС, ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «КәсіпҚорған» салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі

Мысты өңір – Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының 1999 жылғы лауреаты

Директор – бас редактор Бағдат Айтөреұлы ҚАЗКЕНОВ

• Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Ақпарат комитетінде қайта тіркелген (20.06.2019 ж.), куәлік №17759-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №859-Г, 16.09.1999 ж.).
• Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.

• Көлемі 4 баспа табақ. Таралымы **2200**. Тапсырыс **№ 211**
• Газет редакцияның өз компьютер орталығында беттелді.
• Газет **Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау, Жаңаарқа аудандарына** тарайды.

(А) – материалдың жариялау ақысы төленген

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Жезқазған қаласы, Бейбітшілік д., 2
Газет тарату бөлімі +7-708-408-22-08
«Типография АРКО» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15

ИИК KZ616017171000000242
АО «Народный Банк Казахстана»
БИК HSBKKZKX, БИН 000240005443. КБЕ 17

Еңбек – ерді, ер елді танытар!

# Мысты өңір

АЙМАҚТЫҚ АПТАЛЫҚ
1988 ЖЫЛҒЫ
30 ШІЛДЕДЕН ШЫҒАДЫ

ЖҰМА,
2026 жылғы
8 мамыр

№ 17 (1913)

www.mysty-onir.kz



# ЕКІ ТАРАП МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

**Астанада «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Басқарма төрағасы Руслан Өскенәлі мен «Алматы» ӘКК» АҚ Басқарма төрағасы Марат Байдурин ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.**

Меморандум өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға, отандық өндірушілерді қолдауға, жергіліктендіру деңгейін арттыруға және өндірістік кооперацияны кеңейтуге бағытталған.

Тараптар Алматы қаласы мен Ұлытау облысының экономикасын дамытуға, отандық өндірушілерге қолдау көрсетуге, сондай-ақ өндірісті жергіліктендіру деңгейін арттыруға бағытталған өзара іс-қимыл туралы уағдаласты.

«Қазақмыс» үшін қазақстандық қамтуды дамыту ұзақ мерзімді стратегияның негізгі ба болып табылады. Бұл тәсілдің іс жүзінде іске асырылуы нақты көрсеткішпен расталады: 2025 жылдың қорытындысы бойынша компания отандық өндірушілерден шамамен 577 млрд теңгеге өнім мен қызмет сатып алды. Осы көлемнің шамамен 27%-ы, яғни 152 млрд теңгесі, Алматының кәсіпорындарына тиесілі. Бұл қаланың өңіраралық кооперация жүйесіндегі маңызды рөлін айқындайды.

Аталған көрсеткіш өңіраралық кооперацияның әлеуеті жоғары екенін көрсетіп, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен бизнес арасындағы серіктестікті одан әрі кеңейтудің маңыздылығын растайды.

Меморандум аясында «Қазақмыс» Тобының кәсіпорындары мен «Алматы индустриялық аймағы» ЖШС («Алматы» ӘКК» АҚ еншілес ұйымы) резиденттері арасындағы кооперацияны дамыту, отандық өндірушілерден сатып алу үлесін арттыру, өндірістік қажеттілік бойынша ақпарат алмасу, сондай-ақ бірлескен іскерлік іс-шаралар мен келіссөздер өткізу көзделіп отыр.

Сонымен қатар, шикізат ресурсын қайта өңдеу саласын дамытуға және қазақстандық кәсіпорындар негізінде жоғары қосылған құны бар өнімдер өндірісінің тізбегін құруға ерекше назар аударылды.

Қазіргі кезде «Алматы индустриялық аймағы» аумағында 147 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда, оның ішіндегі 57 кәсіпорын іске қосылды. Инвестицияның жалпы көлемі 884 млрд теңгені құрайды. 2026 жылы да жалпы сомасы 10,3 млрд теңге болатын 8 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланып отыр.

Меморандумға қол қою өңіраралық ынтымақтастықты кеңейтуге, өткізу нарығын әртараптандыруға және Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуетін одан әрі нығайтуға жаңа мүмкіндік ашады.

**«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС PR департаменті.**

2026 – «Қазақмыста» қауіпсіздік жылы

# «ТОҚТАТУ ЖИНАЛЫСЫ» – өмірді сақтап қалатын бес минут

**«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-да «тоқтату жиналысы» (Safety Stand Down) циклі басталды – бұл жарақаттануды нөлдік деңгейге жеткізуге бағытталған басшылық пен персонал арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа форматы.**



Алғашқы ашық диалог үлгісіндегі кездесу Нұрқазған кенішінде, Балқаш мыс балқыту заводында, «Балқаш Тау-Кен Өндірісі» кәсіпорындарында (қалдық үйіндісі және құрылыс-монтаждау басқармасы) және Қазақмыс Барлау бөлімшелерінде өтті.

«Тоқтату жиналысының» мәні мен мақсаты – басшылықтың бастамасымен өндірістік үдерісте саналы түрде жасалатын қысқа үзіліс. Осындай кездесу барысында жұмыс уақытша тоқтатылып, қызметкер назарын өндірістік міндеттен бөлек, ең маңызды мақсат – өмір мен денсаулықты қорғауға аударады.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, ауыр жазатайым оқиғалардың басым бөлігі нұсқаулықтың болмауынан емес, асығыстықтан, қалыптасқан әдеттен және жұмысты тоқтату қажет болған сәтте үнсіз қалудан туындайды.

Жұмыс уақытындағы қысқа, бірақ мәнді үзіліс «әрекетсіздік тізбегін» үзуге мүмкіндік береді: ұсақ қателік пен тәуекелге назар аудару ауыр салдарға әкелуі мүмкін жағдайдың алдын алады. Сонымен қатар ол қызметкерлердің бір-бірін естуіне жағдай жасап, сапалы диалогқа негіз болады. Бұл өз кезегінде жазатайым оқиғалардың санын азайтып, басымдықты дұрыс қалыптастырады және ешбір өндірістік жоспар мен көрсеткіш адам өмірінен маңызды емес екенін еске салады.

Жиналыс аясында жұмыскерлерге кез келген қауіпті жұмысты тоқтатуға олардың құқығы бар екені және бұл олардың міндеті екені жеткізіледі. Корпорация басшылығы ресми түрде растайды: жұмысты нақты негіздемесі бар жағдайға сәйкес тоқтатқан қызметкерге ешқандай жаза қолданылмайды; керісінше, мұндай әрекет кәсіби жауапкершіліктің көрінісі деп танылады.

«Өмір мен денсаулыққа қауіп төнген жағдайда жұмыс істеуге жол берілмейді. Өндірістік жоспар тек қауіпсіздік талабы қатаң сақталған кезде ғана жүзеге асырылуы тиіс», – деп атап өтті «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Басқарма төрағасы Руслан Өскенәлі.

«Тоқтату жиналысы» – «Қазақмыс» Тобының 2026 – 2028 жылдарға арналған өнеркәсіптік қауіпсіздікті трансформациялау стратегиясының бір бөлігі. 2026 жыл компанияда Қауіпсіздік жылы деп жарияланды, осы кезеңде басқару тәсілі оқиғаның салдарын жоюға емес, алдын алуға бағытталады.

Алдағы уақытта «тоқтату жиналысы» «Қазақмыс» Тобының барлық өндірістік алаңдарына енгізіледі. Мұндай кездесу тұрақты түрде өткізіліп, тәуекелді басқару жүйесінің және әрбір қызметкер тек өз қауіпсіздігі үшін ғана емес, әріптесінің өмірі үшін де жеке жауапкершілік алатын мәдениет қалыптастырудың бір бөлігіне айналады.

**«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС PR департаменті.**